



## Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрылыс — елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуінің маңызды бағыттарының бірі. Адам игілігіне қызмет ететін нысандарды тұрғызып, елді мекендердің көркеюіне үлес қосу — үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап ететін абыройлы еңбек.

Ауданымыздың құрылыс саласының қызметкерлері өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосып келеді. Сіздердің маңдай термен атқарған еңбектеріңіздің арқасында жаңа нысандар бой көтеріп, елді мекендеріміздің ажары артып, тұрғындар үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.

Бүгінде құрылыс индустриясы заман талабына сай жаңғырып, жаңа технологиялар мен заманауи жобалар кеңінен енгізілуде. Бұл ретте сіздердің кәсіби біліктіліктеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен еңбексүйгіштіктеріңіз ерекше маңызға ие.

### Құрметті құрылысшылар!

Сіздерге ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымызды білдіре отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс, жаңа жетістіктер және қажымас қайрат тілейміз!

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!

Б.Мұқанов  
Нұра ауданының әкімі  
Қ.Жүнісбеков  
Нұра аудандық мәслихат төрағасы

## Уважаемые работники и ветераны строительной отрасли!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником — Днём строителя!

Строительство — одно из важнейших направлений социально-экономического развития и процветания страны. Создание объектов, служащих людям, благоустройство и развитие населённых пунктов — это почётный и ответственный труд, требующий высокого профессионализма и мастерства.

Работники строительной отрасли нашего района вносят значительный вклад в его экономическое и социальное развитие. Благодаря вашему добросовестному труду возводятся новые объекты, преобразуются населённые пункты, создаются комфортные условия для жизни жителей района.

Сегодня строительная индустрия активно развивается в соответствии с требованиями времени, внедряются современные технологии и реализуются новые проекты. В этом процессе особое значение имеют ваши профессиональные знания, ответственность, опыт и трудолюбие.

### Уважаемые строители!

Выражая искреннюю благодарность за ваш созидательный труд во благо страны и родного края, желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия, мира и достатка, неиссякаемой энергии, профессиональных успехов, новых достижений и уверенности в завтрашнем дне!

С профессиональным праздником — Днём строителя!

Б. Муканов  
Аким Нуринского района  
К. Жунусбеков  
Председатель Нуринского  
районного маслихата

## Нұра - Ақпарат

## Құрылыс – ел дамуының берік негізі



Нұра ауданында Құрылысшылар күніне арналған салтанатты іс-шара өтіп, ауданның құрылыс саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген ардагерлер мен сала мамандары марапатталды. Мерекелік жиынға Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов, құрылыс саласының ардагерлері, мемлекеттік мекемелердің өкілдері және осы салада еңбек етіп жүрген мамандар қатысты.

Іс-шараның ашылуында аудан әкімі Бақытжан Мұқанов құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесін ерекше атап өтті.

жалғасы 5-бетте

## Есімі ел жадында

## Қарапайымдылықтан туған көшбасшылық

Кейбір тұлғалардың ғұмыры жылдармен емес, елге сіңірген еңбегімен өлшенеді. Олар өмірден өтсе де, артында өнеге болып қалатын із қалдырады. Сондай жандардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Салидат Зекенқызы Қайырбекова.

Биыл Салидат Зекенқызы Қайырбекованың өмірден озғанына он жыл толуына орай жарық көрген «Лидер» кітабының бір данасы ардагер ұстаз, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі Әкіжанов Танжарық Әкіжанұлына табысталғанын естіп, арнайы жолығып, тағылымды еңбекпен танысуға мүмкіндік алдық.

Қонақжай шаңырақта өткен әңгіме бір кітаптың төңірегінде басталғанымен, уақыт өте келе туған жердің перзенті атанған тұлғаның өмір жолы мен адамдық болмысына ойысты. Танжарық аға кітаптың әр бетін асықпай ақтара отырып, өткен күндердің естелігін жаңғыртты.

Салидат Зекенқызы – Нұра кентінің тумасы, қазіргі Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің түлегі. Мектепті Алтын медальмен тәмамдаған ол жастайынан зеректігімен, білімге құштарлығымен және алғырлығымен қатарластарының арасында ерекшеленген. Танжарық Әкіжанұлының естелігінше, бала күнінің өзінде-ақ Салидат үлкен мақсат қоя білген. «Мен министр боламын» деп жиі айтатын өжет қыздың сол арманы кейін өмір шындығына айналған. Оның бойындағы табандылық, қайсар мінез, ақыл-парасат пен өзіне деген сенімділік кейінгі өмір жолынан да анық көрініс тапқандығын жеткізді.



Ардагер ұстаз тағы бір ерекшелігін сүйсіне еске алды. Салидат Зекенқызы ойын жеткізгенде ешқашан жай ғана айтып қоймайтын. Әр сөзін нық сеніммен, ерекше әсермен жеткізіп, ойын қол қимылымен толықтырып сөйлейтін. Сол арқылы тыңдаушысын еріксіз өзіне қаратып, айтқан ойын анық әрі нанымды жеткізе білетін. Бұл қасиет оның бойындағы табиғи көшбасшылық қабілеттің бала кезінен қалыптасқанын аңғартқандай дейді.

жалғасы 5-бетте